

**"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН  
АҚПАРАТТАНДЫРУ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҚСАТТЫ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІН  
БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 18 сәуір  
1994 ж. N 400

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының халық шаруашылығын ақпараттандыру"  
республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының негізгі тапсырмалары  
мен көрсеткіштері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі:  
бағдарламаның негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштеріне сәйкес олардың  
кеңейтілген нұсқаларын бір ай мерзімде әзірлеп бекітетін болсын.

1994 жылдан бастап мемлекеттік бюджеттің ғылымды қаржыландыру үшін  
көздеген қаражаты есебінен бағдарламаны мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз  
етсін.

3. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "1991-1995 жылдарға және 2005 жылға  
дейінгі кезеңге арналған Қазақ КСР-ін ақпараттандыру бағдарламасы туралы" 1991  
жылғы 13 тамыздағы N 474 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі